

Ыбырай Алтынсарин




Өмірбаяны



Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген.





- Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді.



Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады.



● Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді, белгілі кісі болған. Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған "төре" болып шығуы, ата-анасын асырауы.

- Ү. Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. , Үбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған.




Шығармалары


- Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку, Оренбург, 1879;
- Қазақ хрестоматиясы, Орынбор, 1906; Мәктубат, Қазан, 1896, 1899;
- Киргизская хрестоматия, Оренбург, 1879, 1906;
- Танд. шығ. 3 томдық, А., 1943, 1953;
- Собрание сочинений в 3-х т. Т.1–3, А.-А., 1975, 1978;
- Әңгімелер, А., 1980.
- Өлеңдер
- Азған елдің хандары
- Балғожа бидің баласына жазған хаты
- Жаз
- Кел, балалар, оқылық



Ыбырай
Алтынсарин



Өлеңдер жинағы



Этнографиялық
еңбектер



Әңгімелер, ертегілер



- Қарлығаш
- Қарға мен түлкі
- Әй, достарым
- Әй, жігіттер
- Өзен
- Өнер - білім бар жұрттар
- Өсиет өлеңдер
- Әңгімелер
- Избасты
- Айуанның естесі көп бірақ адамдай толық ақылы жоқ
- Алтын - айдыр
- Алтын шеттеуік
- Асыл шөп
- Ақымақ дос

Ыбырай Алтынсаринның қазақ әдебиеті тарихындағы орны



- Ыбырай Алтынсарин - реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кемеңгер. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор,»- деп баға береді.



- Оның еңбектері жан-жақты зерттеліп, ондаған ғылыми –зерттеу еңбектер жазылған, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны расан зор.



Ы.Алтынсарин мектебі



Қостанайдағы Ы.Алтынсарин музейі